№14 Дәріс. Сандық фразеологизмдер.

Ертедегі мифопоэтикалық дәстүрлерде сан ұғымдарына киелі мән беріп, өн бойына космонимикалық мағыналар жүктеген. Адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылып, олардың бойында адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқанына, сонымен қатар бұл құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та, алып келетініне сенген. Сан есімдер бойындағы мифопоэтикалық семантика мен символикалық қолданыстар олардың магиялық қасиеттерімен тікелей байланысты. Сан есімдер мифологемасы дара сандарда ғана емес, антропонимдерде, фразеологизмдерде де көптеп сақталынған. Ономастика ғылымының көрнекті ғалымы Т. Жанұзақов сан есімдермен келетін жалқы есімдерге, *1-10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100, 1000* сандарымен келетін кісі аттарына тоқтала келіп, ол есімдердің көбінесе ер кісілерге беріліп, ал санмен әйелдер есімінің кездеспейтінін айтады [Т.Ж. Жанузаков, 1971; 196 б.].

Қазақ фразеологиясының аса ірі маманы, ғалым-түркітанушы келіп, "... тұрақты сөз тіркестерінің біраз бөлігі ... сан есімдер төңірегіне топталып жүреді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуіріндегі ұғым-түсініктермен, салт-санасымен ұштасып жатыр. ... *үш, жеті, тоғыз, қырыз сөздері* өзінің сан-мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алу сыры бөлегірек. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың символы ретінде қолданылатын тәрізді. Бұлардың дені халықтың ескі наным, түсініктерінен туған. Бірақ бертін келе бұл ұғым-түсінік дерексізденіп, екінші бір салаға ауысқан деуге болады" [І.К. Кеңесбаев, 1977; 612 б.].

Сөз қадірін білген халқымыз өзінің ардақты би-шешендерін ардақтай білген. Қазақтың ел қалаған үш биінің бірі Қазыбек бидің көңілін сұрай келген Бұхар жырауға бірден онға дейінгі санның мағынасын айтып берші депті. Сонда да:

Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ел жаман.

Үш дегеніңіз – білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман.

Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған кісі жаман.

Жеті дегеніңіз – жетем деген мақсатыңа жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніңіз – серкесіз қой бастаған жаман.

Тоғыз дегеніңіз – толысып өскенің.

Он дегеніңіз –өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз – депті. –

Осы жолдардың әрқайсысы қазіргі күнде нақыл, өсиет сөз түрінде халық тілінде қолданылады.

Көне жазба ескерткіштер деректері мен қазіргі түркі тілдері материалдары сан құдіреті архаикалық, көне дәстүрлерді сақтағанын және олардың көпшілігінде ерекше символиканың таңбасы барлығын дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі культтік фразеологизмдердің табиғатына ғылыми талдау жасаған ғалым К.Қ. Рысбаева, кейбір сан есімдер ұйытқы болатынын да айтып кеткен. Мәселен, киелі сан есімдер қатарын бір санынан бастай отырып, автор ол санның "құдай, алла, жаратушы ием" сөздерімен тіркесіп келетінін айтады [Г. Рысбаева, 2000; 95 б.]. Бір құдірет – он сегіз мың ғаламды жаратушы жалғыз Алла, бүкіл дүниені, адамзат пен тіршілікті жаратушы жалғыз – құдай немесе алла болса, бір саны жалғыз сөзімен мағыналас келуі, әрине, түсінікті. Мысалы: *бір құдайдың ұрғаны, бір құдайдан тілегенім, бір құдай біледі, бір алла өзің жар бола көр!, бір аллаға тәуекел* және т.б.

Бір саны соматизмдермен тіркесіп соңғы, қорытынды деген мағына береді. Мысалы: *бір ауыз сөз* "соңғы сөз", *бір ауыз сөзге келмеді* "үндемеді", *бір беткей* "айтқанынан қайтпайтын (адам)", *бір ауыздан* "түгел, тегіс" және т.б.

Бір санымен тікесіп келетін заттың, нәрсенің мөлшерінің, арасының аз, жақын екенін білдіретін тіркестер қазақ тілінде бірталай. Мысалы: *бір уыс* "бір рет тамақ жасауға жететін арпа, бидай, тары" т.б., *бір асым* (ет), *бір аттам* "өте жақын жер", *біржапырақ* "азғантай, аз", *бір жұтым* "бір ұрттап жұтарлық", *бір киер* "оқта-текте бір киетін", *бір атым насыбай,*

бір ауыз сөз, бір буда ақша, бір қайнатым шай, бір қауым ел, бір тал сақал, бір аяқ ас, бір тай мата, бір ұрттам су, бір тұтам “1. бір сығым; 2. өте қысқа”, *бір түйір* “аз, кішкентай ғана”, *бір тілім* “бір ғана кесіп алған”, *бір үзім* “жарым-жарты бөлшек”, *бір шайнам* “тіске басарлық”, *бір шөкім (бұлт)* “азғана, кішкентай” және т.б.

Бұл тіркестердің басым көпшілігі “аз, кішкентай” мағынасында жұмсалғанымен, олар синонимдік қатар құра алмайды. Мысалы: Аспанда *бір шөкім* бұлт жоқ (Ә. Кекілбаев); Кәріптен тымағының маңдайына қыстырған *бір жапырақ* қағазды алып берді (Ә. Әбішев). Екі мысалдағы мөлшер тіркестер “аз, кішкентай” мағынасында жұмсалса да, олардың прагматикалық қызметі әр түрлі. Бір санымен келген фраземалардың тіркесімділік қасиеті өте шектеулі екеніне жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел.

Екі сан есімі үндіевропа тілдерінде “кез келген қарама-қарсылықты, ақ пен қара, әйел мен еркек дегенді білдіреді” [М.М. Маковский, 1995; 110 б.]. Қазіргі тілде сақталған *екі дүние: бұл дүние – фәни о дүние – бақи; екі мәңгілік: ай және күн* және т.б. ұғымдар да қарама-қарсылықтың заңдылықтарына мысал бола алады.

Екі сөзінен туындаған түркі тілдеріндегі егіз сөзі туралы атақты түркітанушы ғалым И.Г. Добродомов былай дейді: “В соответствии с названным противоречием (“мужское и женское”) именем *екиз* или же именем с этим компонентом у современных тюркских народов нарекают близнеца-младенца мужского пола, родившегося с близнецом женского пола”, – дейді [113, с. 629]. Қазақ фразеологиялық қорында *дос егіз, дұшпан сегіз; егіз қозыдай; екінің бірі, егіздің сыңары* т.б. фраземалары сақталған.

Мұндай қарама-қарсылық фразеологизмдер бойында қазақ тілінде де кездеседі. Мәселен: *екі дүние* – діни ұғымда екі дүние бар деп есептеген. Бірі – тірліктегі кез, бұл – жалған дүние, екіншісі – адам өлгеннен кейінгі кез, бұл – шын дүние. Мысалы:

Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасбиқ – хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы (Абай).

Немесе *Екі жүзді (бетті)* – кісінің көзінше бір түрлі, сыртынан екінші түрлі сөйлейтін, опасыз адам [І.К. Кеңесбаев, 1977; 157 б.]. Мысалы:

Есеңгіреп жүрмесең,
Елді неге даттайсың,
Екі жүзді болмасаң,
Байды неге мақтайсың?! (Жамбыл);

Сонымен қатар теріс сөйлейтін, айтқан сөзінде тұрмайтын, қарама-қарсы сөйлейтін, өтірікші адам туралы: *екі сөзді кісі* “өтірікші, тиянақсыз кісі”. Мысалы: *Екі сөзді* болып еленделп жүргеннен, бір сөзді болып мерт кеткен дұрыс (Б. Момышұлы);

Екі ұшты болды (сөйледі) “екі жақты; өтірік, шыны белгісіз, күмәнді” және т.б.

Екі сөзінің мағынасы тұрақсыз, сатқын, опасыз сияқты жағымсыз коннатациямен байланысты:

Ғылымды ізделп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілме.
Құлағын салмас,
Тіліңді алмас,
Көп наданнан тұңілдім.
Екі кеме құйрығын

Ұста жетсін бұйрығың (Абай). Немесе *екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетер, көңілі екі болды* және т.б.

Сонымен қатар *екі* сөзі фраземалар құрамында жұп соматикалық ұғымдармен де келеді. Мысалы: **құлақ** – *жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты, екі езуі екі құлағында;* **аяқ –** *екі аяғын бір етікке тықты;* **иық –** *екі иығынан демін алып отыр, екі иығына екі кісі мінгендей, екі иығын жұлып жеді;* **көз –** *екі көздің бірі, екі көздің шарасы,*

екі көзі алдында, екі көзі су қараңғы, екі көзі төрт болды, екі көз шарасынан шықты, **қол** *– екі қолы алдына симады, екі қолы жағасында болды, екі қолын қусырды, екі қолын мұрнына тығып алды, екі қолын төбесіне қойып ...*

Фразеологиялық бірліктер құрамындағы екі компонентімен келген тіркестер соңғы сөз, қысқа сөз, тиянақты іс мағынасында да жұмсалады. Мысалы: *сөзі екі болмасын, сөзін екі еткізбеді, екі ауыз сөз, хан екі айтпайды, ханның жарлығы екі болмайды, қолынан екі келсе, бірін қылсын, қолынан бір келсе, екі қылсын* және т.б.

Қазақ тілі теориясының маманы Ә. Хасенов: "Түркі тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған. Әрине, бұл жалпы сандық ұғымдардың дамуына байланысты, адамзат қажеттілігінен туды деген пікір ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі. Екіншіден, белгілі бір ұғымның, құбылыстың өткен тарихын қазіргісімен салыстыра, қазіргі формаларын зерттей отырып ашуға, тануға болады", – деген пікіріне қосатынымыз, көне түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдері материалдарында ерекше символдық мағынаға ие, қазіргі тілдік тұрғыдан түсіндіруге бола бермейтін сандардың бойындағы архаикалық дәстүрлердің сақталғандығы [Ә. Хасенов, 1990; 63 б.].

Үш санының символдық мәні. Қазақ халқы ерте заманнан-ақ түрлі құбылыстарға баға беріп, олардың кейбір қасиеттеріне ерекше көңіл бөліп, оларға бақылау жасаған. Олардың ортақ қасиеттерін саралап, санамен түйіп, оның ізін өз тілінде сақтаған *(үш жұрт, үш күндік пәни, үш қайтара сәлем беру, үш қайнаса сорпасы қосылмау* және т.б.).

Көне түркі руникалық ескерткіштер тілінде *үш* санымен келген көне этникалық және географиялық атаулар кездеседі. Мәселен, üê birku (үч бірку) – жер атауы, üê oγuz (үч оғыз) – оғыз тайпа бірлігі, üê qarluq (үч қарлуқ) – қарлұқ тайпа бірлігі, üê quryqan (үч қуырқан) – құрықан тайпа бірлігі. Үш санының киелі ұғымды білдіру мағынасына тоқтала келіп Э.Р. Тенишев былай дейді: "По буддийской традиции число три употреблялась для обозначения времени: *üc ödki* "относящийся к трем временам – прошедшему, настоящему и будущему" … Большинство буддийских обозначений древних уйгуров представляет собой толковательный перевод санскритских терминов, показывающий путь приспособления чужой религии к тюркской среде" [Э.Р. Тенишев, 1997; 580 б.]. Үш санының көне ұйғыр ескерткіштеріндегі мағыналық көріністеріне талдау жасай келіп, ғалым қараханид ұйғырларында "үш жұлдызды" төрт жылдың мезгіліне балау астрономиялық дәстүрі болғанын дәлелдеп, Ж. Баласағұнның "Құтадғу білік" дастанынан үзінді келтіреді:

üĉi jazqy julduz üĉi jajgy bil // Сен білгейсің, үш жұлдыз – көктемгі, үш жұлдыз жазғы!

üĉi küzki julduz üĉi qyŝqy bil // Сен білгейсің, үш жұлдыз – күзгі, үш жұлдыз – қысқы!

üĉi öt üĉi suw boldi jäl // Олардың үшеуі – оттан, үшеуі – судан, үшеуі – ауадан.

üĉi poldu toprad ažun boldi äl // Оның үшеуі – топырақтан, жер болды тіршілік ортасы.

І. Кеңесбаев *үш* санының ескі салтқа да қатысты екенін, қазақ ертегілеріндегі *біреудің үш баласы болыпты* немесе *хан үш қайтара сұрапты* деген тіркестердің жиі қолданылатынына тоқтала келіп: "жан алу", "жан беру" сияқты дәстүрлер көп елдерде болған. ... ертеде "жан беруге" тура келсе, дүние салған ардақты бір кісінің моласына барып, одан *үш рет айналып*, "жалған айтсам осы кісінің аруағы ұрсын" деп қарғанған. Мұндайда жан беруші айыпқа тартылған адам емес, ол кісінің үш ата алыстығы бар жақын туысы болуы шарт. Туыстығы үш атаға жеткен кісінің сөзі әшкереленіп, жаман қылығы жұртқа аян, сенімсіз болса ғана, айыпқа тартылған кісінің басқа туысы (бірақ *үш атадан* бері болмауы керек) жан беретін болған", – деген салтты келтіреді [І.К. Кеңесбаев, 1977; 615 б.].

Қазақ халқының тек тану дәстүрі бойынша әр азаматтың *үш жұрты* болады: *өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты.* Олар жанашыр, сүйеніш, қорғаныш болып саналады. Үш жұртқа халықтың берген батасы:

Өз жұртың – күншіл, бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды, жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң жүндейді;

Қайын жұртың – міншіл, қолыңның ұзындығына қарайды, жағаңның қызылдығына қарайды, берсең жағасың, бермесең дауға қаласың;

Нағашы жұртың – сыншыл, жақсылығыңа сүйенеді, жамандығыңа күйінеді, әрқашан тілеуіңді тілейді, тілеуқор қамқоршың болады [С.Кенжеахметұлы, 1998; 193 б.].

Шағатай тілінде үш санының туыстық мағынада қолданылғанын (Yasn Ọuly qanlylary ve *üĉläri joq // Хасан Құлдың жақын туыстары жоқ*) А.З. Будагов айтқан болатын. Атақты түркітанушы Э.Р. Тенишев үш санының қасиетіне тоқтала келіп, қарашай-балқар тілінде, фольклорында *üĉ bašly // үш басты; üĉ bašly emegen // үш басты айдаһар* тіркесінің кездесетініне тоқтала келіп, Қарашай жерінен бастау алатын *üĉ jözen // үш өзен* және руникалық ескерткіштер тілінде кездесетін *üĉ birkü* тіркестерін талдай отырып, үш санымен түркілерде жер-су аттарын атау дәстүрінің болғанын айтады [Э.Р. Тенишев, 1997; 564 б.]. Қазақ тілі топожүйесіндегі *Үш арал* жерінің атауы да *үш* санының символдық белгісінің айғағы бола алады.

Сонымен қатар түркі тілдес халықтары тілінде адам дүниеден қайтқаннан кейін үш күннен кейін *үшін беру // өткізу, үшіне шақыру, үшін оқыту* (Құран бойынша) сияқты ғұрыптар сақталған. І. Кеңесбаев фразеологиялық сөздігінде үш санымен келетін фраземалардың бірнеше мағынасын көрсетеді:

1) бір нәрсенің ақыры: *ер кезегі үшке дейін* (үшке дейін ғана күресуге, айқасуға, тайталасуға болады деген ескі салттан келіп шыққан тіркес; бұл дағды ертеде батырлардың ерегесуіне байланысты болған);

2) әскери топ құрудың бір түрі: *үш мүйіз болды* (үш топқа бөлінеді, үш топ құрды);

3) тілек тілеу: *ошақтың үш бұты деп отыр, ошақтың үш бұтынан сұрады / тіледі, ошақтың үш бұтына берсін!* (көне. от басы, өз үй ішінің, бала-шағасының амандығын тіледі, қамын жеді);

4) қалың мал, айып мал: *үш тоғыз (айыбы, сыйлығы),* (әрқайсысы тоғыздан тұратын үш сыйлық (айып)).

Сандық символдардың мифопоэтикалық табиғатын зерттеуші ғалым И.А. Подюков үш, жеті, тоғыз сандары бір-бірімен символикалық тұрғыдан байланысты туыстас, олардың әрқайсысы бүтіндіктен (тұйықтықты, аяқталғандықты) білдіреді деп, өз пікірін былай дәлелдейді: "... определенная специфика числового символа – *три* как покровительствующее число, которым представлялась идеальная структура – с началом, концом, серединой, с которым соотносилась идея бога в трех лицах и вселенной в трех уровнях, в основном контактирует с сюжетами, в которых использованы те или иные мотивы "космизации" и само по сути "космизирует", приобщает к божественному, нейтрализуя неприемлемое или опасное или наоборот усиливая священное" [И.А. Подюков, 1997; 19 б.].

Кейбір түркітанушы ғалымдардың (А.М. Щербак, Я.В. Севортян, Б.А. Серебренников) пікірінше, көне түркі ескерткіштерінде үш саны туыстас, қандас, рулас, жақын адам мағынасында қолданылған дейді.

"Төрт" санының символикалық мәні. Төрт саны ең алдымен дүниенің төрт бұрышымен – оңтүстік, солтүстік, шығыс және батыспен тікелей байланысты. Көне ұйғыр ескерткіштеріндегі *tort bulun // төрт бұрыш* "бүкіл дүние, әлем" мағынасында қолданылатын көне дәстүр. Қазақ тіліндегі *дүниенің төрт бұрышы* "барлық әлем, түпкір-түпкірден", түрік тіліндегі *dunjanyn tort buzagyndan // дүниенің төрт бұрышынан* "бүкіл әлемнен, әр тараптан", кабардин-балқар тіліндегі *төрт дуниа* "бүкіл әлем", өзбек тіліндегі *томаниң Қибла* "барлық төрт тарапқа" және т.б. тіркестер қазіргі түркі тілдес халықтарда сақталған.

Төрт саны мифологиялық түсінікте тұрақтылық, тұтастық мағынасында жұмсалады. Мысалы: *төрт құбыласы түгел, төрт қанат үй, төрт мезгіл, төрт мүше, төрт маусым, құранның төрт мүшесі, төрт пір* және т.б.

Жүсіп Баласағұнның "Құтты білігінде" *tört tjγut* "төрт рет туылу, дүниеге келу", *tört es* "төрт әулие", яғни Алланың төрт әулиесі, мұсылман мемлекетінің алғашқы төрт әкімі –

Әубәкір, Омар, Осман және Әли аттарымен тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі *аспаннан түскен төрт кітап* фраземасы діни ұғыммен – Мұсаның кітабы – Библия, Дәуіттің кітабы – Псалтырь, Исаның кітабы – Евангелие, Мұхамедтің кітабы – Құранмен – тікелей байланысты.

Төрт саны туралы Ф.Р. Ахметжанова мен Қ.С. Дүсіпбаева былай дейді: "Төрт періште" мифология мен діни ұғымдар бойынша, құдайдың әмірін жеткізіп тұратын, табиғаттан тыс мифтік көмекшілер. Аллаға жақын ұлы төрт періште бар, олар: Жәбірейіл – Алламен арадағы байланысшы, сенімді хабаршы; Мекайыл – табиғат күшін (жауын, жел, егіншілік т.б.), құбылыстарын бақылайды; Исрафил – қиянат күнінде жел тұрғызып дауылдатады, адамдардың қайта дүниеге келуін бақылайды; Әзірейіл – ажалы жеткендердің жанын алады [Ф.Р. Ахметжанова, Қ.С. Дүсіпова, 2001; 63 б.].

Төрт санының киелі қасиеттері туралы ғалымдар Ж. Байзақов пен С. Қонақбаев, дүниенің негізі төрт элементтен – от, су, жер және жел төрт ұғымы осымен байланысты деп түсіндіреді [Ж. Байзақов, С. Қонақбаев, 1979; 25 б.].

Төрт сөзі көз сөзімен тіркесіп метафораланған тіркестер жасайды: қазақ тіліндегі *екі көзі төрт болу* "әбден күту, әбігерлену, тынышы кету, қорқу", *төрт көзі түгел* "жанұясы аман-есен, барлығы түгел" *түн ұйқысын төрт бөлу* "мазасы кету, алаңдау", *төрт арыстың баласы* "бүкіл ел, халық", *төрт аяғы теңселген (жорға)* 1. "жақсы жорғалайтын ат"; 2. "төгілте жырлайтын ақын", *төрт аяқтан ақсады* "ауыртпалық басына түсіп, қатты қиналды", *төрт аяқты екенсің!* "қу, зұлым", *төрт табандады* "екі аяқ, екі қолын тіреп тұра қалды", *төрт тағаны қимылдады* "зорға қимылдады, әлсіреді"; түрік тілінде *tört göze beklemek* "асыға, шыдамсыздана күту" (сөзбе сөз "төрт көзімен қарау"); башқұрт тілінде *дөрт күз менен күтүу* "асыға күту" (сөзбе сөз "төрт көзімен күту"); өзбек тілінде *тура кузи билан кутди ~ икки кузи тура болди* "асыға күту" (сөзбе сөз "төрт көзімен күту" ~ "екі көзі төрт болды"), тура ишкали бут "бір нәрсеге зәру болу", турт оғиз "аздау, аз" (сөзбе сөз "төрт ауыз"); ұйғыр тілінде *икки көзи төрт болмақ* "шыдамсыздана күту", "*төрт көзи тә*" (олтурмақ) "бәрі жиналып, түгелімен болу", *төрт пути асманға салбиримақ* "қайтыс болу, о дүниеге аттану" және т.б.

Түркі халықтарында, әсіресе, қазақ халқы үшін төрт түлік күнкөріс пен тіршіліктің негізгі көзі болған. Төрт түлік мал фраземасының уәжі – түйе, жылқы, сиыр, қой. Төрт түліктің сақтаушы иесі бар деп есептеген, атап айтсақ: түйе пірі – Ойсыл қара, жылқы пірі – Қамбар ата, сиыр пірі – Зеңгі баба, қой пірі – Шопан (Шекшек) ата және оларға сиынған. Тілде сақталған *төрт түлігі сай болды* "малға байыды, бай болды" фраземасы да осы түсінікпен тікелей байланысты.

Түркі тілдерінде *төрт* сөзімен тіркесіп жасалған идиомалар саны аз емес. Идиомалардың негізгі мағынасы "толыққандылық, тұрақтылық, беріктік, біркелкілік". Мысалы, ұйғыр тілінде *төрт айиғида тик турғизмақ* "бағып-өсіріп, адам қылу", *төрт мучиси сақ* "сау-саламат, аман-есен", *төрт там* "тұратын жай, баспана", түрік тілінде *dört ajak üstüne düsmek* "сәті түсу, жолы болу" (сөзбе сөз "төрт аяқтап құлау"), *dört dasi mamur* "барлық жағынан өте жақсы, төрт құбыласы тең" (сөзбе сөз "төрт басы да өте сәтті"), *dört japrakly gul olmak* "гүлдену, шаттану" (сөзбе сөз "төрт жапырақты гүл болып қалу") т.б.

Саха (якут) тілінде "төрт" саны о дүниемен, тозақпен тікелей байланысты, нес *туөтуген* "жеңіл дозақ" (сөзбе сөз "төрт тозақ"), Саха халқының тілін, мифологиясы мен мәдениетін зерттеуші ғалым А.А. Габышеваның пікірінше, "төрт" сөзі тек тозақпен, жамандықпен, о дүниемен ғана байланысты емес, сонымен қатар түнмен және қыспен де тікелей байланысты дейді [А.А. Габышева, 1988; 88 б.].

Қазақ тіліндегі *төрт қанатты үй, төрт төбе қыпшақ, төрт тарап* және т.б. тіркестердегі ұғымдар "төрт" санының бойындағы құпиялар мен жұмбақ сырлардан мағлұматтар бере алады.

Бес санының символикалық мәні. Санау жүйесі ретінде "бес" ертедегі сандардың шегі болған. Санау жүйесінің бастамасы саусақтан басталатынын ескерсек, шектік, көптік мағына бес саусақпен тікелей байланысты. В. Гордлевский сөзімен айтсақ, "... Вообще

число пять заключало в себе какое-то законченное количество, скорее указывающее на огромность числа и на руке всего пять пальцев" [В.А. Гордлевский, 1945; 133 б.].

Қазақ тіліндегі *бес аспабы сайлаулы* "бар қаруы дайын, жау-жарағы әзір" фраземасы бес қарудан шыққан. Бес қару: тартыспақ – садақ; атыспақ – мылтық; шанышпақ – найза, сүңгі; шабыспақ – қылыш, алдаспан; салыспақ – шоқпар, айбалта. Ертедегі түсінік бойынша, ер жігіттің бес қаруы болуы керек, ол әрқашан дайын тұруы қажет [Ф.Р. Ахметжанова, Қ.С. Дүсіпова, 2001; 29 б.].

Тілдегі *бес аспап* "қолынан бәрі келетін шебер, барлық іске икемді", *бес саусақтай біледі* "жатқа біледі, жетік біледі", *бес биенің сабасындай* "толық, етженді" фраземаларында "өте жақсы", "керемет" семаларының мағыналары бар.

Бес санының магиялық, жұмбақ сырын *бес асыл, бес дүшпан* деп жырлаған Абай өлеңінің жолдары да дәлелдей түседі:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз...
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дүшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой,
Бес асыл іс көнсеңіз... (Абай).

Бес күндік пәни // бес күндік жалған дүние // бес күндік өмір "шектеулі ғұмыр" мағынасындағы фраземалар семантикасы шектік, уақытша ұғымындағы адамның жарық дүниеге келіп, о дүниеге аттану аралығындағы уақыт өлшемін білдіреді.

Алты санының символикалық мәні. Алты санының мағынасында өте көп, шексіз, шетсіз сема бар. Бестік санау жүйесінен кейінгі (көп мағынасындағы) алты саны да халық ұғымында алыстық, күштілік, кереметтік, қаһарлық мағынасы бар. *Алты аласы, бес бересі жоқ* "айдаладағы, алыс біреу", *алты арыс* "ірі-ірі ру-тайпалары, туыстық жағынан жақындар", *алты алаштың баласы* "күллі қазақ, тұтас", *алтай араз болса* "өзара араз, береке болмаса", *алты қабат аспанның ар жағында // алты қырдың ар жағында // алты қырдың астынан* "алыста, қиырда" фраземаларында алыс, көпшілік, бүртұтас мағыналары басым болса, *алты басты айдаһар* "айбарлы, күшті, дүлей", *алты батпан* "аса зор, үлкен тым ауыр" *алты батпан азап* "ауыр жол, қиянат-қасіреті мол өмір", *алты малта ас болмай* "басқа қиыншылық күндер туып, жартымсыз тамаққа көну", *алты қанат ақ үй // алты қанат ақ орда* "үлкен, еңселі, салтанатты", *алты құлаш ақ найза* "батырларға арналған ұзын қару" идиомаларында күшті, қаһарлы, үлкен, ұзын, дәу, өте, зор мағыналары басым.

Алты санындағы метафоралану мағынасын зерттеген ғалымдар екі түрлі көрініс тап көрсетеді: 1. жаңұяда дүниеге келген ұл балалардың реттік саны (алтыншы); 2. мүгедек, кеміс туылған нәресте (алтыбармақ), аяғында немесе қолында алтыншы саусақпен туылған ұл бала [А.А. Габышева, 1988; 69 б.]. Ал түркітанушы ғалым Л. Рашони былай дейді: "... личные имена Подобного типа имеют целью укрыть новорожденного от злых духов за числительным, предельно безличным, каковым являются порядковый номер новорожденного мальчика среди детей в данной семье. Вместе с тем ср.-кипч. личная имя alty bars истолковывается как "пожелание новорожденному, родившемуся в год тигра, прожить 6 х 12 годов, т.е. долгой жизни", аналогично же – ср. – кипч. alty buya" [L. Rasony, 1953; 47-48 бб.]. Нәрестені осылай атау зұлым күштер мен рухтардан сақтайтынына халық сенген. Көне түркі лұғатында орта ұйғыр ескерткіштерінде alty julduz тіркесі кездеседі [Древнетюрский словарь,1961; 40 б.].

Жеті санының символикалық мәні. Қазақ фразеология ғылымының көш басшысы академик І. Кеңесбаев жеті санының жұмсалу өрісі өзге сандардан гөрі кеңірек және оларда көне дәуір салтының ізі сақталғанын айтқан болатын [І.К. Кеңесбаев, 1977; 612 б.].

Жеті санымен байланысты түркі халықтарында қалыптасқан, тұрақты дәстүрлер бар. Соның бірі – діни ұғымдармен тікелей байланысты. Көне ұйғыр ескерткіштерінде

кездесетін *jeti ayylyq nomlar* “жеті кітап, жеті киелі ілім”, jeti jemki bacay “тамақтануға байланысты ораза”; кабардин-балқар тіліндегі *зети заханим* “қорқынышты тозақ” (сөзбе сөз “жеті тозақ”); қазақ тіліндегі *жеті бүзірлік әулие* “жеті қилы әулие”, ұйғыр тіліндегі *йетти атиниң әрвалари урмақ* “ата-баба аруағы ұру” және т.б. фраземаларда ата-баба салтымен байланысты ұғымдар сақталған.

І. Кеңесбаевтың “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде” жеті сөзімен келетін көптеген тіркестердің этимологиясы мен шығу уәждері берілген. Мәселен, *жетіскенге беретін жеті әліп* идиомасы халық өміріндегі, салт-санасындағы бақсылық, балгерлікпен байланысты қалыптасқан, *әліп* “білу, тану” мағынасын білдірген. Құмалақтың *жеті әліп* болып келуі “маңдайы ашылған, бақыт қонған, қыдыр дарыған кісінің белгісі”, *жетіскен* деген мағына “құмалақтың жеті әліп болып келуіне итермелеуші”. Балгердің сәуегейлігіне шын сенетін адам *жетіскенге беретін жеті әліпті* құмалаққа тізе бүгіп, тағзым еткен [І.К. Кеңесбаев, 1977; 612 б.].

Түркі халықтарында жеті санымен астрономиялық терминдер мен түсініктер қалыптасқан. М. Қашқари лұғатында *jetti qat qat kök* “жеті қабат аспан”; қазақ тіліндегі *жеті қабат жер // жеті қабат аспан;* қырғыз тілінде *жети арқар* “жеті қарақшы”; алтай тіліндегі *д'ети хан* және т.б. *Жеті қат жер* халық түсінігінде – Тұңғиық, Жылан, Су, Қос балық, Қара тас, Көк өгіз, Жер болса, *жеті қат көк* – Ай, Күн, Шолпан, Есекқырған (Меркурий), Қызылжұлдыз (Марс), Сатурн, Мүштәри (Юпитер) [С. Кенжеахметұлы, 1998; 229 б.].

Академик І. Кеңесбаев аталмыш тіркестер туралы былай дейді: “Бұл фразеологизмдер мифологиялық, астрологиялық ұғымнан хабардар беріп тұр. Жерді ұстап тұрған “көк өгіздің мүйізі” деп білген халық өзінің ойын жетімен байланыстыруы бұл да сан есімнің халықтың атам заманғы өмірімен, идеологиясынан аздап болса да дерек бола алатындығын көрсете алады. Осыған қарағанда *жеті қарақшы* (көне түркіде *Жетіген*), қырғызша *Жети арқар* жұлдызын ала-бөле жеті санымен байланыстыра атауы, бұл санның, бәлкім, “киелі” екендігін көрсетсе керек. ... көзге түртсе көрінбейтін түнді қазақ неге *жеті түн* немесе *жеті қараңғы түн* дейді. Осы сөзден барып жасалған *жеті қараңғы түнде (жеті түнде) неғып жүрсің?* Немесе *жеті қараңғы түнде қайда барасың? Жеті қараңғы таныған жеті түнде адаспас* деген тәрізділер өте жиі кездесіп отырады” [І.К. Кеңесбаев, 1977; 612 б.].

Жеті саны семантикасымен байланысты туған фольклор сюжеттері, мақалдар мен мәтелдер түркі халықтарында көптеп кездеседі. Түрік тіліндегі jedi baŝly “көкбет, ашушаң әйел туралы” (жеті басты), jedi zanly “суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін адам” (жеті жанды); түрікмен тілінде *йединиң бери йесер* “жетінің бірі қу”, *йеди дерианиң сувуни ишен* “жылпос, өз пайдасын, өз керегін тапқыш” (сөзбе сөз “жеті теңіздің суын ішкен”); кабардин-балқарлары тілінде *зети зол айыралған зерде* “жеті жолдың айрығында”, *зети қат зер астында* “жеті қат жер астында, өте алыс”, алтай тілінде *д'етти д'олдиң белтири* “екі жолдың айрығында”; башқұрт тілінде *йети күк, йети түн қорашқан* “жеті күн, жеті түн дегенде”; ұйғыр тілінде *йеттә атиниң әрвалари урмақ* “жеті атаның аруағы ұру”, *йәтти иқлим* “барлық халық (жеті халық)”, *йәттә мүчә сақ* “сау-саламат (жеті мүшесі сау)” және т.б.

Жеті саны түркі тілдерінде туыстық қатынастарды да білдіреді. Мысалы, “жеті ата” қазақтың ескі рулық жігінде ата, аталастық негізгі орынға ие болған. Бір кісіден тараған аталас қауым жеті атаға жеткенде ақ түйе, боз қасқа сойып, үлкен жиын жасап, бұдан былайғы жерде қыз алып, қыз берісуге болған. Осыдан бері “жеті атадан әрі ғана қыз алысу” заңы Тәукенің тұсында шыққан. Бертін келе алыс-жақындық өлшемі де осы жетімен өлшеніп, мұсылман дініндегі елдер ең болмағанда әр рудың жеті атасынан бергі шежіресін білуге міндетті болған [Ә. Ысқақов, 1992; 38 б.]: [Н. Уәлиев, 1988; 23 б.].

Жеті ата қазақ халқы үшін – *бала, әке, ата, арғы ата, баба түп ата, тек ата.* Башқұрт тілінде *йети ата* “бір-біріне туыс емес, қандас емес” мағынада қолданылса, осы ұғым ұйғыр тілінде *йәтти ата, йәттиш пушти* фраземасына тән.

Халық әдет-ғұрпында өлген адамның жетісін өткізу салты бар. Қазақ тіліндегі *жетісін өткізу,* башқұрт тіліндегі *зідесін өткару,* татар тіліндегі *йетеһен уткуру,* ұйғыр тіліндегі *йәтисини өткәзмәк* фраземалары "өлген кісінің артын күту" мағынасында қолданылады. Қайтыс болған кісіге жеті күн өткен соң, құдай садақа береді, оны еске алу үшін жұртты жинап, ас береді. Осы ұғым негізінде қалыптасқан *жеті нан құдайы, жеті тиын садақа, жеті тиын нәзір* фраземалар тілде қолданылады. Бұл фраземалар мотиві "ертеде бір нәрседен қатты қорқып сескенгенде, яки сиынғанда құдайға, аруаққа жалынып, кездескен қиындықтан өзін сақтауын тілеп жолына мал, зат, ақша атап отырған. Оның саны жетеу болуы шарт болған" [І.К. Кеңесбаев, 1977; 203 б.].

Өзбек тілінде *йетти* қаралы күннің төртіншісі болып саналады, жеті саны *үш түн мен төрт түннің қосындысы* деп есептеген. Сахалықтарда (якуттарда) *sättätä* "жеті жануар" тіркесі Э.К. Пекарский пікірінше, салт бойынша қыз ұзатқан үйге берілетін, бір бұқа, бір жылқы, бір құлын (арық болса тірісін, семіз болса сойып), үш сиыр, қалың мал саны [Э.К. Пекарский, 1959; 218 б.].

Жеті санының "молшылық, байлық, баршылық" мағынасын беретін тілдік фактілер бар. Мысалы: түрік тілінде: *jedi iklim dort buzak* "барлық жерде" (тура мағынасы *жеті түрлі ауа райы, төрт бұрыш), jedi mahalle* "бүкіл әлем, барлық жер" (тура мағынасы *жеті шақырым), jedi kat* "бірнеше мәрте" (тура мағынасы *жеті қабат*); түркімен тілінде *йеди йщлуң үстүнде* "бәрінің көз алдында" (тура мағынасы *жеті жолдың үстінде),* кабардин-балқар тілінде *зети атадан бери* "баяғыдан, бұрынғы заманнан" (тура мағынасы *жеті атадан бері);* татар тілінде *зиде төн уртаси ~ йети төн уртаһи* "қап-қараңғы түн" (тура мағынасы *жеті түн ортасы);* якут тілінде s*ättäbin olturun (yllym)* "жетеуін де тартып алдым". Якут тіліндегі бұл фраземаның негізінде "барлық қарызымды қалдырмай, түгел төлеткіздім" мағынасы жатыр [Э.К. Пекарский, 1959; 208 б.].

Қазақ тіліндегі *жеті ғалам* "бүкіл әлем" фраземасының мотиві, халық танымындағы *жеті ғалам* болып саналатын, *шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік, аспан (жоғарғы ғалам), жер (орта ғалам), жер асты (төменгі ғалам)* түсініктері жатыр. *Жеті жұрт* "көп ел" фраземасының негізі шығыс халықтарының ата жұрты болып табылады *Үрім, Қырым, Тұран, Шам, Мысыр, Шын-Машын* жерлері.

Түркі тілдеріндегі жеті санының символикалық мағынасы үш санынан асып түспесе, кем емес. Жеті санының монғол тіліндегі символдық табиғаты туралы атақты монғолтанушы, фразеология саласының маманы Г.Ц. Пюрбеев былай дейді: "Наибольшее употреблений в тексте эпоса "Джангар": падает на "магическую семерку". Число "семь" имеет "мистическое сакральное значение при описании Нижнего мира – семи стран преисподей, семи адов, сияния семи солнц", при описании обрядных действий, обряда присяга семи солнц, при описании обрядных действий, обряда присяги, клятвенных формул, при гиперболизации действий богатырей" [Г.Ц. Пюрбеев, 1993; 67-68 бб.]. Жеті саны әлемнің көп халықтары үшін сакралдық, мифтік дүниемен байланысы бар жұмбақ ұғым болып табылады.

Қазақ халқы дәстүрінде *жеті қазына* тіркесіп әр кезде, әр жерде түрліше айтылып жүр. Академик Ә. Қайдар *жеті қазына* тіркесіне этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасай келіп, былай дейді: "... халық ұғымындағы сегіз қырлы, бір сырлы жігітке қажетті байлық – қазынаға көбіне-көп: а) жүйрік ат, ә) қыран бүркіт, б) құмай тазы, в) берен мылтық, г) өткір кездік, ғ) ау-жылым, д) қандауыз қақпан жатады және оларды былайша таратып, бағалайды; жүйрік ат – адамның қаны немесе қанаты; қыран бүркіт – жігіттің қуаты; құмай тазы – берік сенімі; берен мылтық – оты; өткір кездік – сұсы; ау-жылым – әдіс-айласы; қандауыз қақпан – серті. Ескі наным-сенім бойынша осы жеті қазына жігіт адамның қолында түгел болса, оның бағы жанады, арманы орындалады" [Ә. Қайдар, 1998; 47 б.].

Ал кейбір этнографиялық мәліметтерде *жеті қазына* – ер жігіт, сұлу әйел, ақыл мен білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы (ит) – деп көрсетеді [С. Кенжеахметұлы, 1998; 228 б.]. Қалай болса да, әр кездегі *жеті қазына* туралы уәждер

түрліше болса да фраземаның семасында “байлық көзі, байлық, құт-береке” мағынасы сақталған.

Академик І. Кеңесбаев пікіріне сүйенер болсақ, “жеті” дегенге әрдайым дін немесе миф, тотем арқау болды деген пікірлер бар. Біздің топшылауымызша, кей жағдайда мәселенің осы ұшығы шындық өмірден елес беруі шүбәсіз [І.К. Кеңесбаев, 1977; 614 б.].

Сегіз санының символикалық мәні. Орхон-Енесей ескерткіштер тілінде *сегіз* санымен келетін тіркестер мағынасы өте қызық. Көне түркі лағұтында Мойын Чор ескерткішінде кездесетін “бір тайпаның бірлестігі” мағынасындағы *sekiz oγuz* “сегіз оғыз” этнонимі жиі ұшырасады. Руникалық ескерткіштер тілінде де *sekiz adaqlyγ* “сегіз аяқты” тіркесінің сыры жұмбақ. Енисей ескерткіштеріндегі *biń sekiz adaqlyγ barymym ... bőkt ädim* “Көне түркі сөздігіндегі” (ДТС) мақала авторы Л.В. Дмитриева “я не насладился ... [в отношении] своего имущества – тысячи [голов] жирного [скота]” деп түсіндіреді. Ойды жинақтап айтсақ, *sekiz adaqlyγ* “семіз, майлы, байланған” (үй жануары туралы) мал мағынасын береді. Бірақ тіркесте берілген аяқтар санын жануарлар салмағымен байланыстыру қиындау. Піл қанша салмақты болса да, оның аяғының саны төрттен аспайтыны белгілі, түйе, жылқы, сиыр т.б. мал турасында да осыны айтуға болады. Мұндағы *sekiz adaqlyγ* мағынасының бейнесі ерекше.

Енисей ескерткіштері тілінде (Элегеш ескерткіші) *tőrt adaqly jylqym säkiz adaqlyγ barymym* сөйлемін С.Е. Малов “менің төрт аяқты жылқым бар, сегіз аяқты малым бар” деп аударған [С.Е. Малов, 1951; 25-26 бб.]. Енисей ескерткіштерінің тағы бір жолында (Бегре ескерткіші) *säkiz adaqlyγ barymym ücün* тіркесі оралымын С.Е. Малов “менің өзімнің семіз малым бар” деп аударады [С.Е. Малов, 1951; 29-30 бб.], *bin säkiz adaqlyγ barymym* “менің сегіз аяқты мың малым” түрінде аударады. С.Е. Малов *säkiz adaqlyγ* тіркесін аударғанда қатты қиналған сияқты.

Дәл осы жағдайды П.М. Мелиоранский де басынан кешірген. Х. Вамбери пікіріне сүйеніп, *adaqlyγ* сөзін “посвященному, предназначенное в жертву (животное)” деп аударған, бірақ бұл аударманың дұрыстығына көзі жетпеген [С.Е. Малов, 1951; 28-31 бб.].

Бұл аударманың қателігіне көз жеткізу мақсатында С.Е. Малов қырғыздардың ауыз әдебиетіне жүгіне отырып былай дейді: “... у киргизов встречаем шестиногих пестрых лошадей, где эти числа объяснит можно требованиями аллитерации: *алты ajakty* ала ат йети *ajakty* йерен ат” [С.Е.Малов, 1951; 28 б.].

Сегіз аяқты мал туралы профессор С.Е. Маловтың қазақ және якут фольклорынан алған өте қызық мысалы бар. Л. Соболеваның авторлығымен жарық көрген “Песни степей: антология казахской литературы”, жинағындағы *тойған ат сегіз аяқты (у сытого коня восемь ног)* қазақ мақалын М. Тарловский өлең жолдарымен “и дважды четвероногих” түріндегі аудармасын келтіреді. Сонымен қатар Г.Н. Потанин жинағынан қазақтың *жирек айғыр – сегіз аяқты, торы айғыр – алты аяқты (восьем ног у рыжего жеребца, шесть ног у полосатого жеребца)* мақалын келтіреді. Якут халқының ауыз әдебиеті үлгілерін аударған [Э.Р. Тенишев, 1997; 586 б.] “*Айгыр шаманка покаталась и, обернувшись быком..., с восьмью в кулак величиною ногами в брюхе...*” аудармасын береді.

Жоғарыда малдың аяқ саны мен оның салмағы айқындалмайтыны айтылып өтті. Ескерткіштердегі *tűrt adaqly ~ säkiz adaqlyq* оппозицияларына көңіл аудару қажет. Бұл тұстағы ерекшелік ат бір орында тұр ма, ақырын жүріп келе ме немесе шауып келе ме? Осыған байланысты да болуы мүмкін. Алғашқысында оның аяқ саны төртеу екеніне ешқандай дау жоқ. Егер ат қатты жылдамдықпен шауып келе жатқанда, оның аяғы адам көзіне алты немесе жеті, кейде сегіз болып көрінуі әбден ықтимал. Ал сегізден артық көрінбеуі мүмкін. Психологтардың пікіріне сүйенсек, “... порог ощущения человека, следуя традициям инженерной психологии, называемый оперативной памятью, способен с одного раза удержать в среднем девять двоичных чисел (7+2), вобьем десятеричных чисел (7+1), семь букв алфавита и пять односложных слов (7-2)” [С. Иванов, 1990; 46 б.].

Кейбір деректерге сүйенсек, көне түркілерде “төрт аяқты” тіркесі шаруаға қолданылатын, соқаға қосатын жануар (жылқы) мағынасында, ал “сегіз аяқты” тіркесі

бәйгеге қосатын тұлпардың символы ретінде ұғынылған болу керек. “Тұлпар” сөзі түркі тілдерінде әр түрлі бейнелі тіркестермен келеді. Мәселен, қазақ тілінде *бәйге ат, сәйгүлік ат,* кабардин-балқар тілінде *шабыш ат,* қырғыз тілінде *көлөк ат,* башқұрт тілінде *сабуш ат* және т.б. Бұл тіркестер “жорға ат”, “бәйгеге қосатын тұлпар” мағынасында жұмсалады. Атақты түркітанушы ғалым Э.Р. Тенишев сәйгүлік ат турасында былай дейді: “... у протюрков не было особого термина для скачущей лошади (скакуна), и в данном случае они воспользовали древним способам образной номинации” [Э.Р. Тенишев, 1997; 586 б.].

Дәстүрлі түрде түркі халықтарында “сегіз” саны діни және мифологиялық түсініктерді бейнелейді. Қазақ тіліндегі *сегіз бейіш (жұмақ, ұжмақ, ұшпақ) (күнәсіз жандар о дүниеде мекен ететін жай, онда барғандар хор қыздарын, аруларын сүйеді-міс*” [І.К. Кеңесбаев, 1977; 459 б.]. Мысалы:

Көз сипатын қарасаң,

Сегіз бейіш ішінде.

Хорлардың жаққан шырағы (Қ. Жұмағалиев).

“Күллі әлем” деген мағынада қолданылатын *сегіз қиыр шартарап* фраземасы: *сегіз қиыр шартарап* көне ұйғыр тіліндегі *sekiz qata arvasun* “батасы сегіз тисін”, *sekiz balyq ulusłar* “сегіз ұлы қалалар мен ұлыстар, *sekiz tűrlűg ődsűz őlűm* “сегіз түрлі мезгілсіз өлім” және т.б. тіркестер “сегіз” сөзінің табиғатындағы магиялық құбылыстың айғағы бола алады.

Қазақ тіліндегі *сегіз қырлы бір сырлы,* “өте өнерлі, шебер, қолынан келмейтіні жоқ” *дос егіз, дұшпан сегіз, сегіз бейіш, сегіз саққа жүгіру, алланың сегіз сипаты, сегіз қиыр шартарап, сегіз өрім, сегіз аяқ, сегіз өрім бұзау міс, кессе сіркеден қан шықпайды* және т.б. фраземаларында телегей теңіз, көп, жеткілікті мығаналары сезіліп тұрады.

Сахалар (якут) тілін зерттеуші ғалым А.А. Габышева сегіз сөзінің символикалық мәніне талдау жасай келіп, мынандай тұжырым жасайды: “В якутском языке есть словосочетание *ayys sala:la:x*, в переводе “восьмиветвистый”. Числовую константу вселенной воспроизводит любой центральный элемент, мировое древо, например, у которого отмечены по вертикали верхушка, ствол и корни; горизонтальным направлениям соответствуют восемь веток, жилище эпического героя, часто являющегося первочеловеком. У якутов для описания пантеона богов служит особая числовая модель *ayys a-tar ajy:* “восемь вспоминаемых айы”. Известна своя формула для всего рода человеческого: *ayys ulu:s ayata* “восемь улусов отец” [А.А. Габышева, 1988; 81 б.].

Сонымен қатар қазіргі көптеген түркі тілдерінде “сегіз” саны толыққандылық, байлық, жетілгендік мағыналарының символы ретінде қолданылады. Түркімен тіліндегі *скеиз көше олмақ* “шалқып, қалқу”, кабардин-балқар тіліндегі *сегиз ийнек асурма да, семиз ийнек асура* “сегіз сиыр асырағанша, семіз сиыр асыра” және т.б. тұрақты тіркестердегі мысалдар дәлел болады.

Тоғыз саны руникалық ескерткіштер деректерінде *toquz oyuz* (Тонықөк), *toquz tatar* (Білге қаған) “түрік тайпаларының бірлестігі” тіркестері түрінде кездеседі.

Тоғыз санының семасында атаудың немесе қимылдың сандық *syliq togsy* “салықтың тоғызы” тіркесі сақталған. Оның мәні қалың мал саны тоғыз-тоғыздан болу керек болған: тоғыз ат, тоғыз сиыр, тоғыз өгіз, тоғыз киімді мата және т.б.

А. Новаи еңбектеріне сүйене отырып, атақты түркітанушы ғалым Л.З. Будагов мынандай пікір айтады: “... у чагатайцев был обычай? если во время пиршества кто-либо из гостей прольет хоть каплю из чаши, то должен выпить 9 чаш; если прольет неколько или всю чашу, то должен выпить взамен того 30 чаш” [Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков, 1997; 587 б.].

Қазіргі түркі тілінде тоғыз санының символикалық мағынасы негізінде туындаған толыққандылықты, көптіктің шегін білдіретін фраземалар кездеседі. Мысалы: қазақ тілінде “Ер төстікте” тоғыз ұл бар, түрік тілінде *dokuz babaly* “некесіз туылған бала” (тоғыз аталы); *dokuz sanly* “шыдамды, өміршең” (тоғыз жанды), *dokuz dьg ňűm altynda “жер түбінде” (тоғыз түйін астында), dokuz kujden kovulmuŝ* “барлық жерден қуылған, тіл табыса алмайтын” (тоғыз ауылдан қуылған), *dokuz jorgan eskitmer* “ұзақ ғұмыр кешкен” (тоғыз

көрпені тоздырған), түркімен тілінде: *dokuz dolmaq* “байлыққа кенелген” (тоғыз арманы орындалған) және т.б.

Қазақ тілінде *бір тоғыз* немесе *тоғыз беру* тіркестері сақталған [Н. Уәлиев, 1988; 105-108 бб.]. Тоғыз беру – бір рудың екінші бір руға төлейтін айыбы, жол-жоралғы, немесе үйлену тойында берілетін сый-құрмет. Салт бойынша тоғыздың құрамында *тоғыз* түрлі зат болу керек. *Тоғыз* іштей *бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз* т.б. болып бөлінеді. Сонымен халық салтындағы *тоғыз аяқ, тоғыз табақ* ұғымдар да тоғыз санының символдық-таңбалық дәлелі бола алады.

Туыстас түркі тілдерінде сақталған *тоғыз айып тартты* (қазақ тілінде), *тоққуз-тоққуз товақ, тоққуз пул* (өзбек тілінде), *тоқуз улус тожоно* “тоғыз елдің басшысы” (якут тілінде) және т.б. ұғымдармен дәлелдеуге болады.

Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын кешенді түрде жинастырып жүрген С. Кенжеахметұлы тоғыз жау түсінігін былай береді:

1. Жаман болса – жақын жау.
2. Шайпау болса – қатын жау.
3. Шабан болса – атың жау.
4. Тартыншақ болса – түйең жау.
5. Тебеген болса – биең жау.
6. Күнде келсе – күйеу жау.
7. Жымысқы болса – жиен жау.
8. Тіл алмаса – ұлың жау.
9. Арсыз болса – қызың жау.

Он екі саны тілдегі астрономиялық терминдерді жасауға қатысты. Мысалы *он екі ай, он екі жыл* тіркестері Ж. Баласұғұнның “Құтты білігінде” on iki űkk “он екі жыл (мүшел) қайыру таңбалары” түрінде қолданылған.

Он екі саны бүтіндікті, жинақылықты, толысқандықты білдіреді: *он екі мүше, он екі сақа, он екі тұлым, он екіден бір гүлі ашылмаған, он екіден бір нұсқасы жоқ* және т.б. “Он екіден бір гүлі ашылмаған, он екіден бір нұсқасы жоқ” сөз орамдары он екі мүшеге қатысты айтылған [Ф.Р. Ахметжанова, 2001; 79 б.].

Қырық санының фраземалар бойындағы қасиеті туралы алғаш ғылыми пікірлер академик І. Кеңесбаев еңбектерінде талданылған [І.К. Кеңесбаев, 1977; 615-616 бб.]. Қырық саны адам жасының белгілі кезеңін білдіреді. “Құтты білік” дастанында *jaŝyn qyrqta kecsa* “жасың қырықтан асса” *kundin son bedukladi ojnady*”қырық күнде өсті, жүгірді, ойнады” және т.б.

Қырық саны о баста “көп”, “мөлшерсіз” деген мағынада қолданылған болу керек [В.А. Гордлевский, 1945; 133-134 бб.]. Қазақ тіліндегі *қырық қарақшы, қырық бұрау, қырық тесік, қырық жыл* тіркестерінде көптік мағына сақталған.

Түрік тіліндегі: *kyrk defa sőjledim* “ауыз жаппай сөйледім” (қырық рет сөйледім), *kyrk evin kedisi* “өз үйіндей көру” (қырық үйдің мысығы), *kyrk jamaly*”қырық жамау”, *kyrk jylyn basynda* “баяғы заманда” (қырық жылдың басында), *kyrk jylda bir* “анда-санда” (қырық жылда бір); татар тіліндегі: *ĉőji qyrylŝyn* “қырыққа бөлінсін” (маған десе быт-шыт болсын), башқұрт тілінде *qyryqqa jaryla almam bin inde* “енді не істе дейсіңдер” (қырыққа жарыл дейсіңдер ме?), *qyrq tőrlő hőjlaű* “көп сөйлейтін” (қырық түрлі сөйлеу), қырғыз тілінде: *coro qyrq* “қырық уәзір”, *qyrq kőjnők* “қырық көйлек” (баланы қырқынан шығарғанда кигізетін жейде), *qyrq cilten* “қырық шілтен” (аңыз бойынша, адамдар арасында жүретін, ерекше күш иелері) және т.б.

Қазақ халқы сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн өткен соң, ыдыстың түбіне күміс салып, қырық суды жақын адамдарына жақсы тілектер айтқызып, суға түсіріп, қарын шашын алатын болған. Сонымен қатар адам өмірден өткенде қырық күннен соң, “қырқын өткізіп” ас береді. “Адамның жаны қырық күннен соң шығады” деген діни ұғым бар. Ертедегілер мен аңыздарда қырық күн ойын, қырық күн той тіркестері жиі кездеседі. Осы ұғымдар халық санасындағы мифологиялық культуремалар ізі болар деген ой туындайды.

Қырық санының бойындағы киелі ұғымдар ауыз әдебиетінде де сақталған. Қарақалпақ халқының “Қырық қыз”, қазақ халқының “Қырық өтірік”, “Қырымның қырық батыры” және т.б. ертегілер мен эпостық шығармалар осының айғағы.

Қазақ фразеологиялық қорындағы *қырық құбылу* “сөзінде тұрмау”, *қырық қазанның құлағын тістеу* “қыдырымпаз, кезбе кісі”, *қырық қалта* “қу, айлакер”, *қырық иттің құйрығын түйістірген* “аса айлакер, қу” *қырық саққа жүгірту* “сан түрлі құбылу” және т.б. фраземалар қырық сөзінің ішкі семантикасымен тікелей байланысты.

Қазақ фразеологиясының атасы Ш. Кеңесбаев *қырық* санымен келетін фраземаларға сематикалық талдау жасай келіп былай дейді: “Қазақ ертегілерінде ұшырасатын бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, тазшаның қырық өтірігі сықылдылар халықтың санасында ертеден орын тепкен. Мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа сөз орамдары да бұл санның “әшейін” сан емес, бір кезде киелі мөлшер екендігін көрсетеді. ... Қырықтың діни ұғымы басқа тілдерде де бар”.

Қорыта айтқанда, сан есімдер ұйытқы болған фраземалардың бойындағы мифтік культуремалардың символдары сақталған. Олардың қалыптасуына халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар әсер еткен.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б